

## АЛҒЫ СӨЗ | ПРЕДИСЛОВИЕ

### Құрметті әріптестер!

Бүгін баршамыз үшін ерекше күн. «Ембі тынысы» электрондық газетінің алғашқы саны қолдарыңызға тиіп отыр.

Интернет және мобильді технология біздің өмірімізге, күнделікті жұмысымызға батыл енгендіктен, газетті электронды түрде А4 форматта шығаруды ұйғардық. Мұндай форматта басылым қызметкерлеріміздің барлығына қолжетімді болып, оны қызметтік принтерден де оңай шығарып алуға болады.

Басылымның негізгі мақсаты — ембіліктерге кәсіпорнымыздың өндірістік және әлеуметтік қызметіндегі жаңалықтарды жедел және шынайы түрде жеткізу және жұмысшыларымыздың ішкі потенциалын ашып, арттыру үшін ашық пікір алмасу алаңын ұйымдастыру.

Сіздер бұл электрондық басылымның тұрақты оқырманы болады деп сенеміз. Еңбектеріңізге табыс, жанұяларыңызға бақ-береке тілеймін!

Құрметпен,

**«Ембімұнайгаз» АҚ  
Басқарма төрағасы  
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ**

### Уважаемые коллеги!

Сегодня для нас знаменательный день. Вышел в свет первый экземпляр корпоративной газеты акционерного общества «Эмбаунайгаз» – «Ембі тынысы» («Голос Эмбы»).

Нашу повседневную жизнь и работу сегодня невозможно представить без интернета и мобильных устройств, поэтому было принято решение, что периодическое издание нефтяников Эмбы будет издаваться в электронном формате А4. В таком виде она доступна максимальному количеству наших сотрудников, поскольку ее легко распечатать на любом служебном принтере.

Основные цели издания корпоративной газеты: оперативно и достоверно информировать эмбинцев о производственной и социальной деятельности нашего славного предприятия и создать площадку для раскрытия внутреннего потенциала наших работников.

Выражаю уверенность, что Вы станете постоянными читателями нашей электронной газеты. Желаю успехов в труде и семейного благополучия!

С уважением,

**Председатель Правления  
АО «Эмбаунайгаз»  
Ануар ЖАҚСЫБЕКОВ**

## БҮГІНГІ САНДА: СЕГОДНЯ В НОМЕРЕ:

- 2** — Цифровизация  
ФОРУМ «ЦИФРОВИЗАЦИЯ  
ПРОЦЕССА НЕФТЕДОБЫЧИ»
- 4** — Выставка  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АТЫРАУ  
ЖӘНЕ ГАЗ КӨРМЕСІ  
Инфрақұрылым  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА  
ТҮРҒЫН КОМИТЕТІ ҚҰРЫЛДЫ
- 5** — 73-я годовщина  
Великой Победы  
СУДЬБА ВЕТЕРАНА  
Мұнайшы ардагерлер  
ЕСІМІ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ  
ҚАРЛЫҒА
- 6** — Мереке  
ГЕОЛОГТАР КҮНІ АТАП  
ӨТІЛДІ  
Жұмыс сапары  
ӨНДІРІСТІК  
НЫСАНДАРДА...
- 7** — Үздіктер  
МЕН – ЕМБІЛІКПІН
- 8** — Не? Қайда? Қашан?

## ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РК Б. САГИНТАЕВ ПОБЫВАЛ НА ЭМБЕ



В ходе рабочей поездки в Атыраускую область Премьер-министр РК Бакытжан Сагинтаев посетил АО «Эмбаунайгаз».

Во время посещения Бакытжан Сагинтаев ознакомился с работой центра визуализации производственных процессов и планами по проекту «Цифровое месторождение».

Проект «Интеллектуальное месторождение» или «Цифровое месторождение» является одним из ключевых для нефтегазовой отрасли и включен в список мероприятий Государственной программы «Цифровой Казахстан». Это автоматизированная система управления нефтегазовым промыслом, позволяющая достичь максимальной эффективности за счет интеграции разрозненных систем в единую интегрированную информационную систему.

## ЦИФРОВИЗАЦИЯ

# В АО «ЭМБАМУНАЙГАЗ» СОСТОЯЛСЯ ФОРУМ «ЦИФРОВИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА НЕФТЕДОБЫЧИ»

10 апреля в главном офисе «Эмба-мұнайгаз» (ЭМГ, Компания) состоялся международный Форум, посвященный актуальным вопросам внедрения цифровых технологий в нефтегазовой отрасли. Мероприятие организовано по инициативе ЭМГ при поддержке Министерства информации и коммуникаций РК и Министерства энергетики РК. В Форуме приняли участие более 200 делегатов – представители профильных министерств, руководители и сотрудники крупных нефтегазовых компаний, международные эксперты и представители компаний, оказывающих услуги в области IT.

– Проект «Цифровое месторождение», реализуемый АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз», и проект «Внедрение автоматизированной системы технического обслуживания и ремонта оборудования» АО «НК «КазМунайГаз» включены в спи-

сок мероприятий Государственной программы «Цифровой Казахстан» и являются ключевыми в нефтегазовой отрасли, – заявил в ходе выступления на Форуме **вице-министр энергетики РК Болат АКЧУЛАКОВ**.

Напомним, в ЭМГ на базе месторождения Уз в феврале 2016 года был запущен пилотный проект «Цифровое месторождение», доказавший сегодня свою эффективность. В ходе реализации проекта, потребление электроэнергии было снижено на 35%. За счет увеличения коэффициента эксплуатации действующего фонда скважин, обеспечена дополнительная добыча 1360 тонн нефти. Сокращено количество подземных ремонтов и упорядочен учет добываемой нефти по каждой скважине. С учетом полученного опыта, для дальнейшего тиражирования проекта отобран ряд основных месторождений







группы компаний АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз» на которые приходится около 80% всех запасов и добычи нефти и газа. В разрезе ЭМГ в 2017 году концепция «Цифровое месторождение» внедрена на месторождениях Прорвинской группы месторождений, в текущем году проект внедряется на месторождении Жанаталап НГДУ «Жайыкмунайгаз».

– Сегодня практически все крупнейшие нефтяные компании имеют подразделения, занимающиеся разработкой и внедрением концепции интеллектуаль-

ного месторождения. В целом мировая нефтегазовая отрасль планирует инвестировать в создание интеллектуальных месторождений в течение следующих 5 лет более \$1 млрд. Целью сегодняшнего Форума является попытка создать открытый диалог между государством и бизнесом, нефтяными компаниями и компаниями, предоставляющими услуги в области ИТ. Мы предоставили возможность презентовать на Форуме передовые цифровые технологии в области нефтедобычи, – заявил в приветственном слове к делегатам Форума

#### **Председатель Правления ЭМГ Ануар ЖАКСЫБЕКОВ.**

В ходе Форума делегатам были представлены 11 докладов-презентаций, 8 из них – от международных экспертов из таких компаний как «Microsoft», IBM, Schlumberger. Перспективы, риски и вызовы цифровизации для государства и бизнеса делегаты обсудили в рамках дискуссионной площадки с участием **вице-министра энергетики Б.У. Акчулакова**, международных экспертов, руководителей крупных нефтегазовых и сервисных компаний.



## ЭМБА – ЗОЛОТОЙ ПАРТНЕР



АО «Эмба-мұнайгаз» приняло участие в 17-ых Международных Северо-Каспийских нефтегазовой и строительной выставках Global Oil&Gas Atyrau-2018 и Atyrau Build-2018.

Выставки прошли 10-12 апреля 2018 года в Выставочном Центре города Атырау. Организатором мероприятия выступила казахстанская выставочная компания «Itesa» при официальной поддержке Министерства Энергетики Республики Казахстан, акимата Атырауской области.

ти, АО НК «КазМунайГаз», Ассоциации KAZENERGY и Союза Сервисных Компаний Казахстана «KazService». АО «Эмба-мұнайгаз» выступило Золотым партнером выставки.

– Отрадно, что подобные мероприятия проходят на территории Атырауской области, ведь история нефтегазодобычи начиналась именно здесь. Нефтегазовая отрасль остается локомотивом развития экономики Казахстана, поэтому все мы заинтересованы в динамичном и поступательном ее развитии. Участие в выставке принимают участники из ста стран, и все смогут поделиться своими новейшими решениями и наработать новые деловые контакты, – подчеркнул **вице-министр энергетики РК Булат АҚЧУЛАКОВ**.

После церемонии открытия, стенд ЭМГ посетили **аким Атырауской области Нурлан НОГАЕВ, вице-министр энер-**

### ВЫСТАВКА

**гетики РК Булат АҚЧУЛАКОВ, заместитель торгового представителя Российской Федерации в Республике Казахстан Константин ЗЛЫГОСТЕВ** и многие другие участники, посетители и гости выставки.

АО «Эмба-мұнайгаз» в рамках выставки провело несколько масштабных мероприятий:

– Форум «Цифровизация процесса нефтедобычи» при поддержке Министерства информации и коммуникаций РК и Министерства энергетики РК;

– 4 семинара на территории выставочного комплекса по направлениям: «Геологоразведка»; «Дуальное обучение»; «Цифровизация процесса добычи нефти» и «Закупки». В ходе семинаров специалисты Компании ответили на все вопросы, интересующие участников семинаров.

### ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Компанияның акт залында тұңғыш рет ЕМГ тұрғын комитеті делегаттарының (вахталық қалашықтарда тұратын) форумы өтті. Шараға ЕМГ-нің 50-ден астам жұмысшысы мен кәсіподақ белсенділері – Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жатақханалары мен вахталық қалашықтарынан делегаттар қатысты.

– Бүгінгі күні Компанияның кен орындарында жұмысшы жатақханаларын жақсартуға және қызметкерлердің тамақтануына қолайлы жағдай жасалған. Бірақ, уақыт бір орында тұрмайтыны белгілі. «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы өндіріске жаңа технологияларды енгізіп, жұмысшылардың кәсіби біліктілігін арттыруға қомақты қаражат бөліп, отандық мұнай-газ саласының көш басында тұрған компания ретінде алға үлкен міндеттер қойып отыр. Соның бірі – ембілік мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын айтарлықтай жақсарту, – деп атап өтті **әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор Сәлімжан НАҚПАЕВ**.

## «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА ТҰРҒЫН КОМИТЕТІ ҚҰРЫЛДЫ

Форум барысында қатысушыларға бірнеше презентациялар таныстырылды. **Инфрақұрылымдық нысандарды және сервисті басқару департаментінің директоры С. КҮМІСҚАЛИЕВ** ЕМГ мұнай-газ өндіру басқармаларының әлеуметтік инфрақұрылымының жағдайы туралы талдау жұмыстарын ұсынып, мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытындағы жоспарларымен бөлісті. Соның ішінде, Кенбай кен орны бойынша сервистік қызметті аутсорсинг жүйесімен бір мердігерге тапсыру пилоттық жобасы таныстырылды. Мұның басты тиімділігі: Компанияның негізгі операциялық қызметінен ауытқымауын қамтамасыз ету, мұнай-газ секторындағы жетекші компаниялардың тәжірибесін тарту, Компания шығындары мен ресурстарын оңтайландыру, кейбір сатып алу рәсімдер тізбегін қысқарту және шағын келісімшарттарды бір жүйеге келтіру.

**Инфрақұрылымдық нысандарды және сервисті басқару департаментінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы Алмас ЖҰМАЛИЕВ**тің таныстырған презентациясы форумға қатысушылардың жоғары қызығушылығына ие болды. Баяндамашы Қазақстандағы тамақтандыру ұйымдары мен тамақ блогы жұмысының технологиялық рәсімдеріне қойылатын жалпыәлемдік нормалар мен талаптар жөнінде жан-жақты баяндап, мекеменің қолданыстағы тамақтандыру моделіне талдау жасап, оны жақсарту жолдарын ұсынды.

Қозғалған тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға спикерлер тұшымды жауаптар берді. Тамақтандыру сапасына және қызметкерлерге әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуге жедел мониторинг жүргізу мақсатында инфрақұрылымдық нысандарды және сервисті басқару департаментінің жауапты мамандарының байланыс телефондары ұсынылды.

## 73-Я ГОДОВЩИНА ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

## СУДЬБА ВЕТЕРАНА

Ветерану Великой Отечественной войны и труда Николаю Николаевичу Славову в этом году исполнилось 97 лет. Николай Славов является героем войны и труда, много лет проработал в тресте «Гурьевнефтехимстрой» (ГНХС) в качестве инженера-проектировщика, затем трудился в «Эмба-мұнайгазе», откуда и вышел на заслуженный отдых.

А до этого была служба в сапёрном батальоне на Западной Украине, ранение, тюремный срок и ссылка.

Николай Славов родился в 1921 году в селе Катаржино Одесской области. После окончания школы он поступил в мореходный техникум, и за месяц до начала войны его призвали на службу в сапёрный батальон в Дрогобычскую область Западной Украины. Занимались красноармейцы обслуживанием строящегося аэродрома. Для воен-

нослужащего Славова война началась с ранения. На рассвете 22 июня 1941 года солдаты поехали на лошади за водой и попали под обстрел фашистской авиации. Той же ночью батальон отошел на 100 км в тыл...

Взрыв тяжёлой авиационной бомбы, задевший Славова под Полтавой, позже перешёл в конверсионное расстройство, и в октябре 1942-го его перевели в нестроевые войска – в управление аэродромного строительства.

Ему довелось охранять аэродромы Астрахани, Сталинграда, контролировать строительство пристани на реке Шексне в Вологде, которое вели пленные союзники гитлеровцев – итальянцы и испанцы. На Шексне Николай Николаевич пробыл месяц, затем его отправили учиться в город на электрика. Солдаты, которые были жадны до



учёбы, учились у эвакуированных из Ленинграда преподавателей с профессорскими степенями. Окончив курсы электриков, он отбыл на строящийся нефтеперерабатывающий завод, именуемый в те годы «объект №441», который находился в далёком Прикаспийском городе Гурьеве.

Сегодня Николай Славов – почетный и уважаемый человек в области. И, несмотря на невзгоды, которые уготовила ему судьба, он остался верен себе, не теряет бодрости духа, оптимизма и радости жизни.

## ЕСІМІ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚАРЛЫҒА

## МҰНАЙШЫ АРДАГЕРЛЕР



Қарлыға Алтыналиева бар саналы ғұмырын мұнай саласына арнап, ұзақ жылдар бойы «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қызмет етті. Оның еңбек жолы Байшонас орта мектебін аяқтағаннан кейін-ақ басталды. Алдымен он жеті жасар қызды өлшеуші қызметіне жұмысқа алды, кейін мұнай ұғымасында зерттеу операторы болды. 1981 жылы қаршадай қыз жоғары білім алу үшін Алматы қаласына барып, Ленин атындағы Қазақ политехникалық

институтын тәмамдады. Білімін жетілдірген соң Қарлыға туған өлкеге келіп, мұнай-газ өндіру басқармасында зейнеткерлікке шыққанға дейін табан аудармастан жұмыс істеді.

– Жалпы, еңбек өтілім – қырық жыл. Ал, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының «Қарсақ» мұнай және газ өндіру цехында 36 жыл қызмет еттім. Алдымен, мұнай өндіру операторы, кейін жерасты қысымын ұстап тұру маманы, соңғы жылдары шебер болып жұмыс жасадым, - дейді ол.

Қызмет бабында Қ. Алтыналиева жүргізген топ жирыма адамнан құралды. Оларды вахталық әдіске көшірген кезде нәзікжанды әйел «қанатының» астында оның жартысы ғана қалды. Айта кету керек, бұл цех жұмысы ауыр қызмет санатына жатады, өйткені, жоғары қауіпті қондырғылармен біте қайнаса жұмыс істейді. Айталық, мұнай

және газ өндіру процесінде жерасты қысымы төмендейді де, ұңғымаларды қолдану тиімсіз болып қалады. Демек, онымен тікелей жұмыс жасайтын маман да оны үнемі қадағалап отыруы тиіс. Ал, цех шебері қажетті жұмыстың барлығын бақылап қана қоймай, осында еңбек ететін жандарды да жауапкершілігіне алады. Сондықтан, шебер таңдау кезінде оның кәсібилігі ғана емес, шыдамшылық, төтенше жағдай болған жағдайда өзін қалыпты ұстау мен дұрыс шешім қабылдай білу секілді жеке дара қасиеті де ескеріледі.

Бүгінде Қарлыға Алтыналиева – сыйлы мұнайшы, Елбасынан қолынан алған «Еңбек Даңқы» орденінің III дәрежелі иегері, Құрмет грамоталарының иесі. Алайда, өмірдің ең басты сыйы ретінде жалғыз ұлы Рахман деп есептейді. Ол да мұнай саласында табысты қызмет етіп жүр. Кейіпкеріміз қазір – зейнеткерлікте, адал еңбегінің жемісін көруде.



## ГЕОЛОГТАР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

Атырау мұнай және газ университетінде Геологтар күніне орай жиын өтіп, оған ардагер-геологтар, бүгінгі күні жер қойнауын барлап жүрген геолог-мұнайшылар, студенттер қатысты. Шараға қатысып, сөз алған облыс әкімі Нұрлан Ноғаев геолог мамандығының қиындығы мен қызығын, жер қойнауын барлау арқылы мұнай көзін табудан өндіруге дейінгі аралықта олардың еңбегінің ерекшелігін атап өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Әділбеков Ембіде атқарылып жатқан геологиялық жұмыстарға тоқталып өтті.

— Ембілік ардагер-геологтар Ботақан, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Досмұхамбетов, Ақінген, Аққұдық, Ақтөбе, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Уаз, басқа да көптеген кен орындарын ашқанын білеміз. Сол ардақты геологтардың бүгінгі ұрпағы геология саласының әлеуетін арттыру жұмысын жалғастырып келеді. Компания мамандары болашағы бар тұзасты горизонттарына геологиялық барлау жұмыстарын жоспарлау үшін мәліметтерді талдау жасаумен айналысуда. ЗД сейсморбарлау жұмыстарының нәтижесінде Қаратон тұзасты құрылымы анықталды. Алда 6 мың метр тереңдікке бұрғы салу жоспары бар, ол биылғы жылдың желтоқсан айына

жоспарланып отыр.

Шара барысында еліміздің геология саласын дамытуға үлесін қосқаны және ерен еңбектері үшін «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының құрметті барлаушысы» атағымен «Ембімұнайгаз» зейнеткері Күләш Жұмағалиева, «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының үздік барлаушысы» атағымен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басшысының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Рүстем Әбсеев, сыйлықпен «Ембімұнайгаз» АҚ Геологиялық барлау жұмыстары департаментінің сейсмикалық барлау бөлімі бастығы Сағида Жұмағалиева марапатталды.

### МЕРЕКЕ

### ЖҰМЫС САПАРЫ

## ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДА...



2018 жылғы 3-4 сәуір күндері аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков өндірістік құрылымдық бөлімшелер – «Қайнармұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының өндірістік нысандарында жұмыс сапарымен болды.

Сапардың алғашқы күні Компания басшысы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Б.Жоламанов мұнай-газ өндіру цехының әкімшілік ғимаратында қауіпсіздік техникасы жөніндегі міндетті нұсқамадан соң, орталық мұнай жинау паркінің, автокөліктер мен жатақханалар үшін арка ғимаратының жұмысымен танысумен басталды.

Кейін Кенбай кен орнындағы Солтүстік Қотырмас учаскесінде II су көтергіш сорапты қайта жасақтау бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды бақылап,

май қазандары мен 100 орынды жаңа модульдік жатақхананың жағдайымен танысты. Бұдан соң Шығыс Молдабек учаскесіндегі әкімшілік ғимараттың, алдын-ала су жіберетін қондырғылардың бұрандалы сораптарының жаңа сынақ стендтері мен суды жинау және қабат қысымын сақтап тұратын №1 тік резервуардың, жинау орнының, №24 суды бөлу пунктінің жұмыстарын бақылады. Сонымен қатар, ұңғымаларды жерасты жөндеу агрегаты білдегінің жұмысымен танысып, негізгі құралдарды және металл сынықтарын уақытша сақтауға арналған стеллаждар тексерілді.

Булану алаңдарын, арнаулы техника мен автокөлік колоннасы көлік қоймаларын, Қайнар вахталық поселкесінің мұражайы мен демалыс орындарын аралағаннан кейін мәжіліс залында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ басшылық

тобының қатысымен қорытынды жиын өтіп, өндірістік мәселелер талқыланды.

Жұмыс сапарының екінші күні Солтүстік Жолдыбай кен орнындағы нысандарды аралаумен жалғасты. «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат мұнай дайындау және айдау цехының, газды дайындау учаскесінің, өндірісішілік жолдардың жағдайларының жұмысы тексерілді. Қарсақ кен алаңындағы жаңа жинау орындарында, мұнай дайындау пункттерінде болып, сағаалды алаңдарын, №5 тік резервуарды және өрт сөндіру жүйесін қарады.

Компания басшысы Ботахан кен алаңындағы №1 Ботахан мұнай мен газды дайындау цехының әкімшілік ғимараты және жинау пунктінде де болды. Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков «Доссормұнайгаз» МГӨБ мен Компанияның басқару аппаратының басшылық құрамының қатысымен сапардың қорытындысы жөнінде кеңейтілген жиын өткізді.

Екі күндік сапар барысында ЕМГ басшылығы еңбек ұжымдарымен жұмыс орындарында кездесіп, келешектегі өндірістік жоспарлар, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін талқыға салды.

# «МЕН – ЕМБІЛІКПІН»

ҮЗДІКТЕР

## шығармашылық байқауының қорытындысы жарияланды

«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі ағымдағы жылдың ақпан-наурыз айлары аралығында Компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты жұмысшылары арасында «МЕН – ЕМБІЛІКПІН» ұжымдық шығармашылық байқауын жариялаған болатын.

Байқауға Компанияға қарасты басқармалардың, Басқару аппаратының кез келген жұмысшысына қатысуға мүмкіндік беріліп, ұсынылған шығармашылық жұмыстар әртүрлі жанрда – мақала, эссе, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик түрінде қабылданды. Нәтижесінде, байқауға 23 еңбек келіп түсті. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары А.Ғабдуллин, қаржы және экономика жөніндегі орынбасары Р.Тасмағамбетова, Кәсіподақ ұйымының төрағасы К.Шаңқанов, Әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор С. Нақпаев, Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Г.Шарафетдинова, Әлеуметтік саясат департаментінің директоры Қ.Қалидуллин, Қоғаммен байланыс қызметінің менеджері Л.Сүлейменовадан құралған қазылар алқасының шешімімен конкурста жеңімпаз бен жүлдегер атанған қызметкерлерді сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Айта кететін жайт, конкурс 4 номинация – «Ұжымым – менің мақтанышым», «Менің әріптесім – тамаша жан», «Мен таңдаған кәсіп» және «Ембідегі жаңа технологиялар» бойынша жарияланған болатын. Соңғы аталым бойынша түскен екі шығармашылық еңбекте тақырып то-

лық ашылмағандықтан, бұл номинацияның жүлделі орындар анықталмады. Ал, «Мен таңдаған кәсіп» номинациясына материалдардың көп түсуіне байланысты жүлделі 3 орыннан бөлек ынталандыру сыйлықтары бөлінді.

Сонымен қатар, байқауға белсенділікпен қатысқан «Қайнармұнайгаз» (7 еңбек) және «Жылыоймұнайгаз» (6 еңбек) МГӨБ ұжымдарын Алғыс хатпен марапаттау ұйғарылды. Жеңімпаздардың шығармашылық еңбектері Компанияның әлеуметтік желілеріндегі (Фейсбук, Инстаграм, В контакте, Телеграм, You tube) ресми парақшаларына орналастырылады.

**P.S.** Конкурса түскен материалдарды <https://yadi.sk/d/2VdPi5NF3UTZfr> сілтемеден көре аласыздар.

### Байқаудың мақсаты:

- Компаниямыздың жұмысшылары арасынан шығармашылыққа жақын адамдарды анықтау, жұмыс күндері туралы қызықты әңгімелерді тыңдау, әр ұжымның ішкі жағдайын сезіну;
- Өндіріс үдерістерін, қауіпсіздік техникасы мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстар мен жаңа идеяларды тыңдау.

### I номинация – Ұжымым – менің мақтанышым:

1. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу цехының ұжымы;

2. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨС қабат қысымын ұстау бөлімшесінің механигі Асылан Жолаев;
3. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесінің шебері Нұркен Жамалов.

### II номинация – «Менің әріптесім – тамаша жан»:

1. «Ембімұнайгаз» АҚ Жаңа техника және технология департаментінің директоры Рауан Сабиров;
2. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-өзек мұнай өндіру цехының қабат қысымын қолдау операторы Гүлбағыт Испанғалиева.

### III номинация – «Мен таңдаған кәсіп»:

1. «Доссормұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік мәселелер жөніндегі 2-категориялы маман Жанат Арыстанова;
2. «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өткізу департаменті директорының орынбасары Елена Маврешко;
3. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, студент-стажер Тұрсынғұл Жантілеуова.

### Ынталандыру

1. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөлімінің еңбек жөніндегі 1-категориялы экономисі Нұрсұлтан Елеусінов;
2. «Ембімұнайгаз» АҚ Күрделі құрылыс департаменті.



## НЕ? КАЙДА? КАШАН?

22-24 ақпан күндері Алматы қаласында ЕМГ-нің 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасын талқылау жөніндегі үшінші қорытынды сессия өтті. Сессияға «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, ЕМГ топ-менеджменттері, Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің, негізгі департаменттері мен қызметтерінің басшылары қатысты. Екі күндік сессия барысында алдыңғы стратегиялық сессиялардың қорытындылары талқыланып, дамуың жаңа тұжырымдамасы аясында Компанияның нақты міндеттері сараланды. «Біз қазір қайдамыз» деген сауал аясындағы қазіргі жағдайдан «Қайда болғымыз келеді» деген мәселе төңірегінде нақты жоспарлар, ұзақ мерзімді дамудағы ЕМГ қызметінің стратегиялық бағыттары, HSE, HR және өндірісті автоматтандыру функционалды стратегиялары және тағы басқа өзекті жайттар қаралды. Барлық стратегиялық сессиялардың ұйымдастырушысы Компанияның келешек даму блогы болды.

\*\*\*

26 ақпанда Атырау қаласында «Арес Petrotechnic» Жоғарғы колледжі базасында «Education Day» (Білім күні) шарасы аясында тренингтер ұйымдас-

тырылды. ҚМГ БӨ 9 ішкі тренері ЕМГ басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жас қызметкерлеріне арнап 12 тақырыпта шеберлік-кларстарын өткізді.

\*\*\*

2018 жылғы наурыз айында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков өндірістік құрылымдық бөлімшелер – «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының өндірістік нысандарында жұмыс сапарымен болды. Сапардың қорытындысы бойынша Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков өз орынбасарларының, басқарушы директорлардың, ЕМГ департамент директорларының, МГӨБ басшылық құрамдарының және Компания қызметкерлерінің қатысуымен кеңейтілген мәжіліс өткізіп, нақты тапсырмалар берді.

\*\*\*

6-наурызда ЕМГ мәжіліс залында Компанияға қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен Орталық аппараттан жүзден аса нәзік жанның қатысуымен «Мен – әйелмін. Әлемнің анасымын!» атты конференция өтті. Конференция барысында «Мұнайшы қыз» әйелдер клубы құрылғандығы жөнінде жарияланды.

\*\*\*

13 наурызда «Ембімұнайгаз» АҚ кеңсесінде компания басшылығының және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға жауапты блоктың және бизнес өкілдерінің қатысуымен кездесу-семинары өтті. Кездесу барысында кәсіпкерлерге ЕМГ холдингінің Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережелері кеңінен түсіндірілді.

\*\*\*

30-наурыз күні Компанияның геологиялық барлау жөніндегі басқарушы директоры Ш.Қ.Мұхаметрахимов Атырау мұнай және газ университетінде Геолог күніне орай студенттерге арнап «Отандық геологиялық барлау саласының келешегі қандай?» тақырыбында дәріс оқыды.

\*\*\*

31-наурызда Астана қаласында өткен «Miss Kazakhstan-2018» байқауында «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу операторы Асылбек Ешжановтың кенже қызы Альфия Ерсайын еліміздің ең сұлу аруы атанды. Асылбек Ешжанов «Ембімұнайгаз» АҚ-да 1993 жылдан бері еңбек етіп келеді. Мұнайшының отбасы бұрын Байшонас поселкесінде тұрған, қазіргі таңда Атырау қаласының тұрғындары.

МЕНШІК ИЕСІ  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

Шығарушы:  
қоғаммен байланыс қызметі



<https://www.facebook.com/100016808373445>



[https://www.instagram.com/ao\\_embamunaigas](https://www.instagram.com/ao_embamunaigas)



<https://t.me/embamunaigas>



[www.emba.kz](http://www.emba.kz)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы; Айболат ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары; Қайрат ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары; Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА – Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары; Бауыржан БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары; Сәлімжан НАҚПАЕВ – әлеуметтік саясат жөніндегі Басқарушы директор; Ильяс САРЫБЕКОВ – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен байланыс қызметінің менеджері; Ғалия ҚАРАЖАНОВА – қоғаммен байланыс қызметінің жетекші маманы; Айгүл ЕРТЛЕУОВА – қоғаммен байланыс қызметінің маманы; Қарасай ТҮЛЕГЕНОВ – қоғаммен байланыс қызметінің маманы

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ  
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА  
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура  
8 (7122) 99-34-77  
[L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz)

ҚАРАЖАНОВА Ғалия  
8 (7122) 99-34-21,  
[G.Karajanova@emg.kmgcp.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgcp.kz)

ЕРТЛЕУОВА Айгүл  
8 (7122) 99-32-09,  
[A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz)

ТҮЛЕГЕНОВ Қарасай  
8 (7122) 99-34-80  
[K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz](mailto:K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz)